

Шемонаиха ауданының мәслихаты

Шығыс Қазақстан облысы  
Шемонаиха аудандық  
мәслихатының 2019 жылғы 18  
қазандағы № 45/8-VI шешімі.  
Шығыс Қазақстан облысының  
Әділет департаментінде 2019  
жылғы 30 қазанда № 6232 болып  
тіркелді

Маслихат Шемонаихинского района

**Шемонаиха аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 сәуірдегі  
№ 38/4-VI «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің  
және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың  
қағидаларын бекіту туралы» шешіміне  
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Шемонаиха аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шемонаиха аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 38/4-VI «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 5839 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2019 жылғы 17 сәуірде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:



2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;»;

8-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;

9-тармақтың 14) тармақшасы алып тасталсын;

10-тармақтың екінші абзацы алып тасталсын;

13-тармақта:

1) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні - 15 ақпан:»;

б) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«б) Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні - 31 мамыр:»;

8) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) Тәуелсіздік күні - 16 желтоқсан:».

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы**

**Шемонаиха аудандық мәслихатының хатшысы**

**В. Геберт**

**А. Боровикова**